



Ауыл
кітапханасының
шешіресі



XX ғасырдың 20-30 жылдары Батыс Қазақстан тарихында қын да күрделі жылдар болды. Еңбекшілердің білім алу саясатын жақсартуға барлық күштің жұмылдырылған кезеңі еді, бірақ оған көптеген кедергілер кездесті. Сол қын-қыстау кезеңіне мойынсұнбай, халыққа мәдени ағарту жұмыстары да қатар жүргізілді, оларды кітапхана қызметкерлерімен қамтуға алғашқы қадам жасалды, бұл жаңа жұмыс жүйесі болатын.

Кітапхана ісін дамытудағы басты құжат Қазақ АССР-інің «Республикада кітапхана ісін орталықтандыру» атты декреті болды.

19 көкек 1921 жыл.

«Оқу үйлерінің қажеттілігін арттыру керек, бізге агропункт, кооператив, дүкен қандай қажет болса, оқу үйлері де сондай қажет болуы керек, сол жағдайға жету үшін күресеміз» деген ұран тастьалып, жұмыс күшейтілді. Оқу үйлері халыққа анықтамалар беретін, пікір алмасатын, қиналған кезде көмектесетін, рухани бай орталыққа айналуы керек, ол үшін оқу үйлерінде істейті үгітшінің өзі жан-жақты білімді болуы керек деп жазды «Красный Урал» газетінде.

16 қараша 1924 жыл.

Кітапхана-кісілік ұясы, білім қайнары.

Бүгінгі заман көшіне қанша жерден интернет иелік етсе де, кітапханалар ойлы адамдардың ордасы болып қала бермек. Оған деген бүгінгі білгеніміздің бізге ғасырлар қойнауынан тек қана тасқа басылған дәл деректер арқылы жеткендігі яғни, көзіргі құнды кітаптар- келешектің керемет қазынасына айналатыны анық. Осы үрдіс жарасымды жалғасын табуы үшін кітапханалардың өткен жолын өрнектеп, шежіресін жасақтап отыру-елдігімізге сын.

Біздің Ақжайық ауданы кітапханаларын өтпелі кезеңнен түгелге жуық аман алып шыққан облыстағы бірден-бір аудан саналады.

Бірақ, орталықтың ғана мұддесіне негізделген тоталитарлық жүйенің салқыны тиғен сала өз тарихын жасақтап отыруға салғырт қарауға мәжбүр болды. Осы олқылықтың орынын толтыру бүгінгі кітапхана саласы қызметкерлерінің қасиетті парызы болмақ.

Бұл бағытта біз қолда бар деректерге сүйене отырып аудан кітапханаларының тарихын түзеп шығуға талпындық. Жалпы деректер дәлдігі мұрағаттардан алынғанымен әр кітапхана өз тарихын уақытында жасақтап, жалғастырып отырмағандықтан қолдарыңыздағы шежірені жинақтауда біраз қындықтарға тап болдық. «Оңтайландыру» саясаты кезінде жоғалтқан жәдігерлеріміздің орыны да ойсырап тұрары анық.. Десек те, халқымыз аңсаған азаттығын алып, егемендігіне қол жеткізген кемел шақта кешегі құндерден көрініс беретін осы бір шағын шежірені бүгінгі талғампаз оқырманның назарына ұсынуға тәуекел еттік.

Әрине, сайып келгенде барлығы да өткен шақтың өзі үшін, келер үрпақтың көзі үшін.

Кітапханалар тарихы-туған өлкеміздің салауаттылығының сипаты, көкірек көзінің айнасы, даналық, даралық деңгейінен хабар беретін қалың қаттамага айналғай!



Ақжайық ауданы Батыс Қазақстан облысының орталық бөлігін алғып жатыр. Аумағы -25,2 мың шаршы км. Тұрғыны- 45000-дай. Орташа қоныстану тығыздығы-1 шаршы км-ге 2 адам. 53 елді мекеннің басым бөлігі Жайық өзенінін жағалай орналасқан. Орталығы - Чапаев селосы.

Аудан құрамына 18 әкімшілік-аумақтық бөлініс Ақжол, Ақсуат, Алмалы, Алғабас, Базартөбе, Базаршолан, Бударин, Есенсай, Жайық, Жаңабұлақ, Жамбыл, Қабыршақты, Қарауылтөбе, Құрайлысай, Мерген, Сартогай, Тайпақ, Чапаев ауылдық округтері кіреді. Аудан құрамындағы 53 елді мекеннің 50-інде кітапхана бар олар:

Аудан орталығында аудандық кітапхана, орталық балалар кітапханасы Тайпақ ауылында балалар кітапханасы, қалған 47-сі ауылдық кітапханалар.

Он сегізінші ғасырдың аяқ кезінде Сундай бекінісінің тұрғындары айналасы түгел көрінетін тік жарға қоныс аударды. Су шайған жарға сұғына орналасқан мүйіс дөңес мәндайға келіңкірейтін. Осыдан келіп елді мекен (лоб) Ілбішін аталып кетті. 1843 жылы мұнда барлығы 109 үй болып, 603 адам мекен етті. 1889 жылы көпес С.П. Кондаковтың қамқорлығымен кітапхана ашылған, келесі жылдары почта бөлімшесі жұмыс істей бастаған.

1900 Ілбішін ояз қалашығына айналды. Оязға он станица, 29 елді мекен, 16 қазақ болысы, қысқаша айтқанда 164 ауыл енді. Ол кезде бай, көпес, т.б сауатты адамдардың қамқорлығымен жеке кітапханалар болғаны айтылып жүр. (*нақты деректер болмағанымен ауыл ақсақалдарының айтуымен жазылды*)

XX ғасырдың бас кезі еңбекшілердің білім алу саясатын жақсартуға барлық күштің жұмылдырылған кезеңі еді. Бірақ оған көптеген кедергілер


кездесті. Мысалы: экономикалық жағдай, материалдық жағдайдың нашарлығы, сауатсыздық, мәдениеттің жоқтығы, қазақ халқының көшпенделілігі, ауылдардың алшақтығы, байланыстың жоқтығы, кадрдың жетіспеушілігі т.с. Сонымен қатар елде қарақшылармен күрес міндеп тұрды. Осы кезде халықты мәдени ағарту жұмыстары да қатар жүргізілді, оларды кітапхана қызметімен қамтуға алғашқы қадам жасалды, бұл жаңа жұмыс жүйесі болатын. Кітапханашылардың басты мақсаты, социалистік құрылышты дамыту және еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеп, елді сауаттандыру еді.

1921 жылы кітапхана ісін дамытудағы басты құжат Қазақ АССР –нің «Республикада кітапхана ісін орталықтандыру» атты декреті болды . Елдегі осындай өзгеріс аудан ішінде де қозғалып кітапхана желілерін орталықтандыру қызметі басталды. Аудан ішіндегі елді мекендерде оқу үйлерін ашуға, оны әсіресе қазақтар көптеп қоныстанған бекеттерде үйымдастыруға баса назар аударылды. Кітапхана жұмысын саяси-идеялық деңгейге көтеру үшін, партия үйымдары атсалысты, олар жоспар бойынша кадр даярлау, мамандықтарын көтеру, идеологиялық әзірлікті жақсарту мақсатында көп жұмыс атқарды.

1928 жылы қаңтарда Орал губерниясы таратылып, Орал округі құрылды. Бұрынғы Ілбішін, Калмыков, Қарасамардың бір бөлігі, Кулагин, Тополинский болыстарынан Ілбішін ауданы құрылады. Орталығы-Ілбішін (кәзіргі Чапаев) поселкесі. Осы мезгілде ауданда алғаш бірқатар ұсақ мекемелер құрылып, жұмыс жасай бастаған. Сонымен қатар, аудан ішінде бірлі- жарымды оқу үйлдері, қызыл отаулар жұмыс істей бастады.

1932 жылы аудандық оқу бөлімі құрылды. Ауылдық жерлерде мектептер ашыла бастап, мектептермен қатар аудандық клуб, кітапхана ауылдағы оқу үйлері (изба-читальня) Чапаевтың мұражайы, немесе, кәзіргі барлық мәдениет бөлімі объектілері аудандық оқу бөліміне қарады.

Алғашқы кітапханалар «оқу үйлері», «қызыл отау» атауымен шағын оқырман санына арналып құрылған. Ал аудан орталығындағы ашылған кітапхана «Ілбішін аудандық кітапханасы» болып ашылды. Ол кезде басты құжат Қазақ АССР-інің «Республикада кітапхана ісін орталықтандыру» атты декреті болды. Осыған байланысты кітапхана желілерін орталықтандыру қызметі басталып кетті. Саяси ағарту басқармасы жанынан ашылған «кітапхана коллегиясы» елді мекендерде оқу үйлерін ашуға, оны әсіресе қазақтар көптеп қоныстанған бекеттерде үйымдастыруға баса назар аударды. Кадр құрамының нашарлығына қарамай, кітапхана саласын жандандырып, жаздық ауылшаруашылық науқаны кезінде оқу үйлерінің алдында,



мамандармен біріге отырып халыққа түрлі демалыс шараларын өткізді, басылымдарды оқу, т.с.с. жұмыстарды жүргізіп отырды.

Алайда, бүкіл елдегідей Жайық өңіріндегі көкейтесті мәселелердің бірі-сауатсыздықпен күрес болды. Отызынышы жылдардың аяғына аудан тұрғындарының 30 пайызы қара танымады «Қызыл отау» атауымен ашылған бұл кітапханалар тұрғындардың бос уақытында жиналатын кино, концерт қоятын, тамашалайтын орындары сонымен қатар, оқу үйлері халыққа түрлі демалыс шараларын өткізіп, басылымдарды дауыстап оқу, т.с.с жұмыстарды жүргізіп отырды. Ол кезде кітапханашылардың басты мақсаты, социалистік құрылышты дамыту және еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеп, елді сауаттандыру еді. Ауданда жыл өткен сайын колхоз-совхоздардың қаржышаруашылық жағдайы жақсара бастады. Мектептердің саны, сапалық құрамы артып, мәдени-көшпілік жұмыстар айтартылғатай жанданды.

1939 жылды қыркүйектен бастап «Чапаев аудандық білім беру бөлімі» болып аталауды. Бұрынғы Ілбішін аудандық кітапханасы енді «Чапаев аудандық кітапханасы» болып аталауды.

Чапаевская Районная
БИБЛИОТЕКА
№ 5914.

1941-1945 жылдар арасында да соғыстың сол қайнап тұрған кездерінде де оқу-тәрбие, рухани-тәрбие жұмыстары тоқтамай, мысалы: сол жылдардағы бүйректардан соғыс жағдайына байланысты қызметкерлердің жұмыс уақытын шектеусіз режимге көшіру, еңбек, орындаушылық тәртіпті мейлінше қатаң сақтау талап етілгендігін көруге болады.

1942 жылғы 10 қыркүйектегі №148 бүйрекімен Чапаев поселкасында үйымдастырылған санитарлық постыларға жас сәбілері бардан басқа мұғалімдерді, кітапханашыларды тартып кезекшілік қойылды. Аудан орталығында бірнеше осындай постылар ашылып, мына адамдар жетекшілік етті:

№1 санпост-Нұргалиев

№2 санпост-Голубь

№3 санпост-Иванаев

№4 санпост- Сотников санитарлық постылар майдандағы жаралы жауынгерлерді уақытша қабылдап, шұғыл медициналық көмек көрсету үшін үйымдастырылған.(Қоспаев Б. Аудан мектептері тарихи-деректемелік жинақ)



1942 жылғы стат.мәліметтер бойынша 12 тұрақты және жылжымалы киноқондырылғар ауылдарда халыққа қызмет көрсеткен. Ол кезде барлық ауылдық мекендерде кітапхана болмағандықтан, осы жылжымалы киноқондырылғардың менгерушілері аудан орталығы ауыл орталығындағы

кітапханалардан кітап алыш, барған жерлерінде кино көрсетуімен қатар жылжымалы кітапхана да ұйымдастырыған.

1949-1950 жылдары оқушылардың қысқы каникул кезінде қызықты шаралар аудан орталығында ұйымдастырылды. Солардың ішінде өткен спорттық мейрам, денсаулық күндері елді, жастарды еңбекке үндеген, салауатты өмір салтына үндеген дәстүрлі шаралар болыш жалғасып келетіндігі.

1950 жылы аудандағы кітапханалар аудандық мәдени-ағарту жұмысы бөлімінің қарауына алынды. Сөйтіп, кітапханалар жүйелік жұмысқа ынғайластырылып, ендігі жерде ауыл кітапханалары тұрғын халыққа кітапханалық қызмет көрсетіп, аудан орталығындағы кітапханадан кітапхана ісі бойынша әдістемелік көмектер алыш түрған.

1955 жылы Аудандық Мәдениет бөлімі болыш өзгертуілді. Соған орай кітапханалар мәдениет бөлімінің қарауына алынды.

1962 жылы желтоқсанда Қазақ ССР-нің Указы бойынша Тайпақ ауданы Чапаев ауданымен қосылды, кітапханалары Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің басшылығына ауыстырылды.



-1995 жылға дейін аудандық кітапхана орналасқан гимарат

1964 жылдың желтоқсан айында Тайпақ ауданы қайта ашылды, кітапханалар Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің есебінен шығарылды. Алайда, Чапаев ауданының аумағы әлі де тым үлкен болатын. Өйткені оған көзіргі Теректі ауданының Ақжайық (Еңбек) ауылдарынан бастап бүкіл күнгей бет (бұрынғы Ақжайық ауданының аумағы)

-Шалқар селолық кітапханасы
-Қамыстықөл селолық кітапханасы

-Балық заводы селолық кітапханасы
-Аңқаты селолық кітапханасы
-Талпын селолық кітапханасы тб. кішігірім кітапханалар мәдениет бөлімінің қарауында болды.

1964 жылы республикамыздың мәдени өміріндегі болған кесек оқиғаның бірі- Қазақстанда өткен Орыс әдебиеті мен өнерінің онкүндігі. Бұл қүндерде кітапханаларда «орыс халқының өнері мен әдебиеті», «Совет әдебиетінің дамуы» «Қазақстан орыс совет жазушыларының шығармаларында»- деген кітап көрмелері, кештер ұйымдастырылды.



1960-1978 жылдар аралығында аудандық кітапхана В.И.Чапаев атындағы кітапхана болып аталды.

1960-1980 жылдар аралығында ауданның білім, деңсаулық, мәдениет салалары қарыштап дамыды, типтік үлгідегі мектеп, мәдениет үйлері (ішінде кітапханасы бар) бой көтерді. Осындай өзгерістерге Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Орал облысындағы Орал қаласы мен аудан орталығы Чапаевты дамыту туралы» қаулысы едәуір дәрежеде өз септігін тигізді.

1961 жылдан кітапханашылардың кәсіби білім дәрежесін көтеруге Орал қаласына Н.К.Крупская атындағы облыстық кітапханаға кітапханашылар курсына кітапханашылар жіберіліп тұрды.

1960 – 1972 жылдар аралығында «КПСС жасасын!» деген ұранмен жұмыс жасай отырып, кітапханалардың бірден-бір алдарына қойған мақсаты КПСС-тің XXIY съезін лайықты қарсы алу болды. Осы бағытта барлық кітапханаларда «Ленин и коммунистическая воспитание молодежи», «Верность молодежи традициям отцов», «Навстречу XXIY съезду КПСС» тақырыптарына көпшілік шаралар өткізілді. Ауылдық кітапханаларға арналып шараларды ұйымдастыру әдістемелік құралдар таратылды.

1970 жылдары ҚазССР совет министрінің «О поднятий кормовой базы – основе животноводства в Казахстане» қаулысына орай кітапханада көрнекі насиҳат, көпшілік шаралар оздырылды. Осы уақыттағы саяси қоғамдық әдебиеттерге талдау жұмыстары, көрсеткіштер жарысы



жүргізілді. Аудан көлемінде осы қаулының аясында әр елді мекеннің географиясына, климатына т.б ерекшеліктеріне байланысты егін шаруашылығы, мал өсіру шаруашылығы қарқынды дамып, ел жаңалығының жаршысы болып жүретін кітапхана мамандары да өз жұмыстарын осы бағытта жандандыра түсті. Кітапхана қорына келіп түскен әдебиетерді де колхоз, совхоздардың ерекшеліктерін ескере отырып бөлінді.

1970 жылдарды қөптеген кітапханалар өндіріске қошпелі кітапхана мен кітап беру пункттерін ұйымдастыру арқылы, актив мүшелерінің көмегі арқылы оқырманға кітап жеткізіліп отырды. Осы жеткізілген кітаптар оқырманға, өндіріске қандай пайда келтіргендігі жайлы оқырмандардың пікірін жазатын дәптерлер кітапханада ашыла бастады.

1974 жылы 8 мамырда КПСС Орталық комитетінің қабылдаған «еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде және ғылыми-техникалық прогресте кітапханалардың ролін арттыру туралы» қаулысында елімізде кітапхана құрылышын жаңа сатыға көтерудің шараларын қабылдаған болатын Соған орай аудан ішіндегі кейбір ауылдық Мәдениет үйлері бой көтере бастады, олардың ішінде кітапханаға арналған бөлмелері бар болатын. Осы қаулыға сәйкес кітапхананың жұмыстары бұрынғыдан да ғөрі жандандырыла түсті. Кітапханалардағы өлкетану жөніндегі барлық жұмыстар халыққа жалпы білім беру, бұқараның мәдени дәрежесін арттыру, қазіргі заманның алға қойып отырған келелі ғылыми өндірістік мәселелері, ХХҮ съезд қараптарында көрсетілген нақты тақырыптарды Мыс: «Байтақ ел өркенді өлке Қазақстан» қамти отырып жүргізілді. Осы қаулыны орындауда кітап насиҳаттаудың сапасын, мазмұнын арттырып жақсартуда, халық шаруашылығы жоспарлары мен социалистік міндеттемелерді табысты орындауда, СССР Азық-тұлік программасын жүзеге асыруда кітапханалық жұмыстардың жаңа формалары, әдістерін енгізу қолға алынды.



1976 жылы КПСС-тің ХХҮ съезд материалдарын насиҳаттаумен қатар, ауыл шаруашылығын дамытуда елеулі үлес қосқан қайраткер, тың игеруші, танымал механизатор Кәмшат Дөнентаева сияқты қазақ қыздарының ауыл шаруашылық техникаларын менгерудегі үлгі өнегісін насиҳаттау бағытында барлық кітапханаларда көпшілік шаралар ұйымдастырылып, қырман басына жылжымалы кітапханалар лекция, кітап көрмелері т.с.с шаралар өткізді.

1977 жылғы ноябрде қабылдаған КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Село халқына мәдени қызмет көрсетуді одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысына (*Социалистік Қазақстан*, 26 ноябрь, 1977 жыл) шықты. Бұл қаулы ауыл-село еңбеккерлерінің мәдени дәрежесі мен рухани өсуіне жасалып отырған тамаша қамқорлықтың тағы да бір айқын көрінісі болды. Осы бағытта өлкетану жұмыстарын жүргізу, мектептік өлкетану, музейлік өлкетану және кітапханалық өлкетану жұмыстары болып бөлінді. Кітапханалық өлкетану жұмыстарын жүргізетін библиографиялық орталық болып табылды.

Осы қаулы аясында аудандағы барлық кітапханалар өлке тану жұмысына аудан туралы әдебиеттерді, баспасөз материалдарын іздеп, есепке алу, ол материалдарды библиографиялық бір ізге салып құрастыру және оларды оқырмандар арасында насиҳаттау жұмыстарын жандандыра бастады. Кітапханашылар сонымен қатар өз оқырмандарын туған өлкеге сүйіспеншілік руҳында баулуға, өлкенің өткені мен қазіргі өмірін – революциялық тарихы мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өмірін және бесжылдық тардағы еселі еңбектегі табысын жан-жақты насиҳаттау жұмыстарын жүргізді.



1978 жылдан Чапаев аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі болып ұйымдастырылды. Осы кезде ОКЖ-нің директоры болып уақытша Р.А. Успанова тағайындалды. ОКЖ болып құрылғанда құрамында 17 ауылдық кітапхана және аудандық кітапхана, орталық балалар кітапханасы яғни, 19 кітапхана- филиалы болды. Сол кезде кітапханада қызмет атқарып жүрген кітапханашылар филиал менгерушісі қызметіне тағайындалды.

- Ілбішін** филиалы менгерушісі С.Омарғалиев
- Горячкин** филиалы менгерушісі А.Ильясов
- Бударин** филиалы менгерушісі М.Галимзянова
- Каленный** филиалы менгерушісі Жантуғанова
- Кожехар** филиалы менгерушісі Ш.Ажереева
- Киров** филиалы менгерушісі Б.Ахмеджанова
- Қарағай** филиалы менгерушісі Нугманова
- Бесоба** филиалы менгерушісі Батырова
- Шым-құдық** филиалы менгерушісі Т.Кенжеғалиева
- Болдырев** филиалы менгерушісі Габдушева
- Юлаев** филиалы менгерушісі Есенгазиева
- Джамбул** филиалы менгерушісі А.Чунгулова
- Гарбунов** филиалы менгерушісі С.Сұндетова
- Булан** филиалы менгерушісі Г.Тажкуранова
- Первомай** филиалы менгерушісі У.Альмуратова

- Мерген филиалы менгерушісі З.Рыскалиева
- Карша филиалы менгерушісі Б.Кайсиева
- аудандық кітапхана Черекаева З.В
- орталық балалар кітапханасының менгерушісі Сақыпжамал Жұмағалиева

Аудандық кітапханада абонемент бөлімі, оқырман залы, әдебиеттермен толықтыру бөлімі, және центральный книга хранилища (ЦКХ) болса сонымен қатар, кітапханаға қашықтау жерлерден автобазада, ауыл шаруашылығын дамыту бағытындағы Үкімет қаулысының аясында «РАПО» мекемесінен бөлме бөлініп, ол жерде «красная юрта» атауымен жылжымалы кітапхана жұмысын жалғастырды. Орталық балалар кітапханасында оқырман залы, абонемент бөлімдері жұмыс істеді. Кітапхана ісін дамыту, осы ОКЖ құрамындағы кітапханаларға әдістемелік көмек көрсету бағытында әдістеме бөлімі қызметін жалғастырды.

1979 жылдың қаңтар айында өткен 1978 жылды қорытындылау есебінде аудан бойынша 9414 оқырман, 192195 дана кітап берілімі болып, 661 көпшілік шаралар өткізген. Жыл қорытындылау жиналышында Қожехар, Қарағай, Лбішін, Киров кітапхана филиалдарының менгерушілері Ш.Ажгереева, Қ.Нугманова, С.Омаргалиев, Б.Ахмеджанова соц. міндеттерін асыра орындағаны үшін алғыс хаттарымен марапатталды.

1979 жыл. Аудандық совет атқарушы комитетінің 1979ж. 29 маусымдағы №223 шешімі негізінде Фоефан, Дөңгелек ауылдарында кітапхана ашуға бұйрық беріліп, халық депутаттары А.И.Голубова, Рашеваға осы ауылдық жерден кітапхана ашуға орын қарастыру жұмыстары жүктелді. Аталған кітапханалардың алғашқы кітапханашылары болып **Фоефан** филиалына А.Жұмағалиева 27 тамызынан, **Дөңгелек** ауылдық кітапханасына 1979 жылдың 1-ші тамызынан М.Мағзомов жұмысқа кірісті.

1980 жылдарда «Біздің Лениндік партия қайрат жігер толысқан, өз күштеріне және бұдан бұлай алға баса берудің белгіленген перспективасының дұрыстығына сене отырған кезенде өзінің XXІҮ съезіне келді» деп дәйек сөздермен «Партия совет халқын коммунизмге бастауда», «Қазақстан коммунизм жолында» көрнекі насиҳат көпшілік шарала жүргізіліп, «В.И.Ленин и коммунистическое воспитание молодежи» кітап көрмесіне «Молодостью своей клянемся тебе, товарищ партия, быть верным делу коммунистов!» деген заманның дәйек сөздерімен XXІҮ съездің материалдары насиҳатталып отырды.



1980 жылдың 1 қыркүйегінде халық-шаруашылық жоспарына сай Чапаев ауылындағы орталықтандырылған жүйесіне **Кардон** ауылдық филиалы, Бударин ауыл советіне қарасты **Барановка** ауылында филиалы ашылды. Барановка ауылдық филиалына **Мусагалиева** Құләндә кітапханашы болып қызметке алынды. Кітап қорына Лбішін, Горячкін, Батурина кітапханаларынан 2000-дай дана дублетті әдебиеттер жинақталып, берілді. Кардон ауылдық филиалына 1980 жылдың 1 қазанынан **Елекенов Сабыр** жұмысқа кірісіп, кітап қорын Бударин, аудандық кітапхана қорынан жинақталған дублетті 2000-ға жуық әдебиеттер тапсырылды.

1981 жылы халық шаруашылық жоспарына орай атқарушы Комитеттің шешімімен 1981 жылдың 1-ші желтоқсанынан Бударин ауылдық советіне қарасты **Коловертной** ауылына және Лбішін ауылдық советіне қарасты **№1 Қарша** ауылында кітапхана ашылдып, кітапхана қорына Лбішін ауылдық кітапханасынан дублетті әдебиеттер бөлінді. **№1 Қарша** кітапхана филиалының менгерушісі Б.Муканова қабылданды. Коловертной кітапхана филиалына аудандық кітапхананың кітап қорынан 417,61 теңгениң 603 дана кітабы берілді, сонымен қатар, ауыл тұрғындарының кітапханаға деген кең пійілдерінен кітапхана қорына кітаптар тапсырылды. Кітапхана менгерушісі болып Н.Плаксина жұмысқа қабылданды.



1981 жылы 1 ақпаннан аудандық атқарушы комитеттің шешімімен Киров ауылдық советіне қарасты **Тельнов** ауылында кітапхана ашылды. Кітапханашы болып Кубешова Алтын қызмет атқарды.


1982 жылы 5 тамызда 5 ауданың қатысуымен облыстық аймақтық «Перевод фонда и каталогов на новую систему» семинары Чапаев ауданының базасында Мерген ауыл кітапханасында өтті.

1983 жылдардағы кітапханалардың жұмыс бағыты социалистік өмір салтының күн санап көркеюі мәдениет мекеме алдында тың проблемалар қойып, оны жаңаша шешуді талап етеді .Кемелденген социализм түсінде жаңа адамның тәрбиесі адам өмірімен тұрмысының, оның ой санасының өсіп, өркендеуімен тікелей байланысты. Бұл оркендеудің барлығы марксік-лениндік жасампаз ілімнен, КПСС тәрбие саласындағы идеяллық бағыттарынан бастау алуға тиіс болады.

Кітапхана қызметкерлері күнделікті ісінде КПСС орталық комитетінің 1983 жылғы июнь пленумы қауылсындағы мына нұсқауларды басшылыққа ала отырып



«Советтік өмір салтын, социализмнің іргелі қазыналарын творчестволықпен, шебер насиҳаттап. Қоғамдық практикадағы озық атаулының бәрін қолдана отырып, еңбекшілер бұқарасы өмірінің коллективизм мен жолдастықты, адамгершілік кіршікіздік пен әлеуметтік оптимизмді, әрбір адамның ертеңгі күнге деген сенімін, еңбек пен тұтынудың, мінезқұлық пен тұрмыстың жоғары мәдениетін қамтитын жаңа сапасын орнықтырып, жарқын ашып көрсету қажет» деген қаулысындағы көздеңген мұдделерді шешімін табу мәдениет мекемелерінің бірден –бір алдына қойған мақсатты жұмыстары еді. Сонымен қатар осы жылы барлық прогрессіл адамзат К.Маркстің туғанына 165 жыл толуын атап өтті. Ұлы көсем юбилейіне арналған оқырман конференциясы, кітап апталықтары, түрлі тақырыптық көрмелер барлық кітапханаларда үйімдастырылды.



1988 жылы Ақжайық ауданының жабылуына байланысты Чапаев ауданына қосылып, кітапхананың 52 филиал (төмендегі құрамда) тұрғындарға кітапханалық қызмет көрсетті.

- 1.Ақжайық орталық кітапханасы
- 2.Ақжайық балалар кітапханасы
- 3.Шолохов орталық кітапханасы
- 4.Бозай ауылдық кітапханасы
- 5.Восход ауылдық кітапханасы
- 6.Абай ауылдық кітапханасы
- 7.Талпын ауылдық кітапханасы
- 8.Сүттіген ауылдық кітапханасы
- 9.Чапаев п/з орталық кітапханасы
- 10.Чапаев №1 бөлімшесі
- 11.Чапаев №2 бөлімшесі
- 12.Чапаев №3 бөлімшесі
- 13.Чапаев №4 бөлімшесі
- 14.Исаев атындағы колхоз орталық кітапханасы
- 15.Қамыстықөл ауылдық кітапханасы
- 16.Ленин атындағы колхоз орталық кітапханасы
- 17.Октябрь ауылдық кітапханасы
- 18.Анқаты п/з орталық кітапханасы
- 19.Анқаты бөлімшесі №1
- 20.Анқаты бөлімшесі №2
- 21.Анқаты бөлімшесі №3
- 22.Анқаты бөлімшесі №5
- 23.Рыбцев ауылдық кітапханасы

1989 жылы ақпан айында Мәдениет бөлімінің қызметкерлері арасында семинар-кеңес өтті. Оған халық депутаттары аудандық Совет атқару комитетінің председателі Р.К.Мухитова қатысып, аудандық мәдениет бөлімінің меншерушісі С.Г.Шауенов, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры А.Е.Жұмағалиева баяндама жасады. Семинар –кеңесте мәдениет саласының қайта құру процесіне қосып жатқан үлестері, проблемалары сөз болды.

1992 жылы Чапаев ауданы құрамынан Ақжайық ауданы бөлініп шығып, Чапаев ауданындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне 29 кітапхана қарасты болды. Оның: 1-үі аудандық кітапхана, 1-үі орталық балалар кітапханасы, қалған 27-сі ауылдық кітапханалар.



1995 жылы аудан әкімшілігінің шешімімен жабылып қалған бала бақшаның ғимаратына аудандық ОКЖ-нің ғимараты көшіріліп, кітапхана

қызметкерлерінің өз күшімен жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сол жылдан бері осы ғимаратта тұрғын

халыққа рухани, ақпараттық орталық ретінде өз жұмысын жалғастыруда.

1997 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен облыстың Тайпақ, Чапаев аудандары таратылып, Чапаев ауданы Ақжайық ауданы аталды. Тайпақ ауданының аумақтық құрамы Ақжайық ауданына қарады. Аудандарының бірігуіне байланысты Тайпақ орталықтандырылған кітапхана жүйесі Чапаев орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қосылды. Көзіргі таңда Чапаев ауылындағы ОКЖ-ге қарасты 50 кітапхана бар, оның 1-і аудандық кітапхана, 1-і орталық балалар кітапханасы, 47 ауылдық кітапханалар, 1-үі ауылдық балалар кітапханасы. Сөйтіп, ол ауданың басты кітап қоймасы болып, оқырмандарға анықтамалық- библиографиялық қызмет көрсетудің орталығына, ауданың барша кітапхана ісін үйлестіруші әдістемелік дінгегіне айналып отыр.

1999 жылы 12 сәуірде «Чапаев ауылындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» Мемлекеттік мекемесі болып, Қазақстан Республикасының әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысының әділет

басқармасы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 2949-1926-MM бойынша тіркеуден өтті.

2000 жылдан бастап кітапхана жұмысында автоматтандыру ісіне байланысты компьютермен жабдықталу басталды. Көзіргі уақытта ауылдық кітапхана Мерген,Бударин, Тайпақ, Базаршолан,Жаңабұлақ, Алғабас ауылдық кітапханалары компьютермен қамтылса, аудандық кітапхананың барлық бөлімдерінде компьютермен жабдықталды.

2000 жылдың 9-шы наурызындағы аудан әкімінің №50 шешіміне байланысты Алғабас ауыл округіне қарасты **Тоған** ауылында тұрғын санының көбейюіне байланысты мектеп ғимаратының жанынан ауылдық кітапхана ашылды Кітапханаға сол кездегі аудан әкімі Ә.Б.Сәтбаев өзінің жеке кітапханасынан 200-ге тарта кітап сыйлады. ОКЖ-дегі 51-ші кітапхана болғанмен, жабылған Дөңгелек ауылдық кітапханасының орнына №19 кітапхана филиалы болып тіркелді.Кітапханашы қызметіне **Төрешова Алия** жұмысқа қабылданды.

2000 жылдың 11-12 желтоқсан күндері Ж.Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында өтетін «Облыстық үздік кітапханашы-2000» кесіби шеберлік байқауына Ақжайық аудандық ОКЖ атынан аудандық кітапхананың библиографы Р.А.Саранова қатысып, жүлделі II. орынды иеленді.

2002 жылдың тамыз айында Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының № 117 әкімшіліктің қаулысы негізінде Жыланды ауылдық кітапханасы, ауыл тұрғындарының көшіп кету себебімен жабылып, кітап қоры Тайпақ ауылдық кітапханасына қосылды.

2003 жылдың 3-ші наурыздан мәдениет бөлімінің № 16 бүйрүғы негізінде ауыл атаулары өзгеруіне байланысты аталған ауыл кітапханаларының төмендегідей өзгертілді.

Горбунов-Тегісжол
Юлаев-Жолап
Первомай-Қабыршақты
Бахерев-Үшқұдық
Фоефан-Жайық
Лбішін-Ақжол
Қаршаны-Тнәлиев
Қожехар-Жаңабұлақ
Кардон-Битілеу
Локтев-Қосшығыр
Батурин-Ақсуат
Краснояр-Томпақ
Харкин-Шабдаржар

Құрайлысай-Жұбан


Барановка-Самал

Сартогай-Жана ауыл атаулары өзгеруіне байланысты кітапхана атаулары өзгертілді.

2003 жылдың 21 шілдедегі аудан әкімінің №87 қаулысы негізінде Базаршолан ауыл округіне қарасты Сұлтан елді мекенінен халықтың көшіп кетуіне байланысты **Сұлтан ауылдық кітапханасы** жабылды.

2003 жылдың 1 желтоқсандағы аудан әкімінің №53 қаулысы негізінде Базаршолан ауыл округіне қарасты **Есім** ауылдық кітапханасы ашылды. Кітапханашы болып Р.Бисенова жұмысқа қабылданды.

2005 жылы «мәдени мұра» бағдарламасы аясында облыстық кітапхана үйымдастырған «Ауыл энциклопедиясы-Шағын Отан» байқауының I –ші кезеңінде өлкетану қорын құнды деректермен толықтырғаны үшін аудандық кітапхана «үздік өлкетану орталығы» III дәрежелі дипломмен марапатталса, **2006** жылы осы байқаудың «Тұган өлке-тұнған шежіре» атты II кезеңі бойынша бас жүлдені жеңіп алды.



2005 жылы «Ауыл кітапханасы» Облыстық бағдарламасы аясында өткен байқауға Мерген ауылдық кітапханасы іріктелініп алғыншып, осы бағыттағы республикалық байқауға қатысты. Ол байқауда Мерген ауылдық кітапханасы «экология» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, ҚР мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институтының директоры Д.Исабековтың арнайы алғыс хатымен Сұлтанғалиев Тәүкен марапатталды.

2006 жылы Аудан орталығындағы кітапханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2006 жылдың 8 маусым күні № 169 аудан әкімінің шешімімен Ақсуат ауыл округінің Каленый ауылдының атауы Ақбұлақ ауылы, Мерген ауыл

округінің Горячкін ауылының атауы Мойылды ауылы болып өзгертілуіне байланысты осы аталған ауылдағы кітапханалардың атауы ауыл атына байланысты өзгертілді.

2006 жылдың 30 наурызындағы Елбасының жарлығымен бекітілген ҚР



Үкіметінің 2006-2008 жылға арналған « мәдениет саласын дамыту» бағдарламасы аясында кітапхана жұмыстарының жүйелеріне автоматтандыру мен жаңа ақпараттық технологияны енгізу бағытында «Kazakh Soft» компаниясы құрастырған «ҚАБИС-1» бағдарламасы сатып алынды. Бағдарламада «әкімшілік», «каталигизатор, комплектілеу», «оқырман ізденісі» бағытында автоматтандандырылған жұмыс орындары бар. Бағдарламаға ОКЖ –нің 2000 жылдан бері қарай электронды каталог жүйесі, көкейтесті меселелерге байланысты деректер қорын жинақтау жұмыстары қолға алына бастады.

2007 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігінің 2006 жылдың 30 қараша айындағы № 376 бүйрығында «2007-2009 жылдары ҚР кітапханаларын модернизациялау» бағдарламасы беркітіліп және іс жүзінде қолданысқа енгізу мақсатында аудан орталығындағы кітапханалардың барлық бөлімдері көзіргі заман талабына сай жаңа технологиялық озық үлгілер енгізіліп, шенберлі жүйеге арқылы жұмыстануда. Осы бағдарлама аясында 2007 жылдың шілде айында



Мерген ауылдық кітапханасының модельді ауылдық кітапхана болып ашылу салтанаты



облыстық кітапхананың ұйымдастыруымен өткізілген «Кәзіргі таңдағы кітапхана. Кітапханаларды модернизациялау» зерделі кеңесі аясында Мерген ауылдық кітапханасы «моделді ауыл кітапханасы» статусына ие болды.

Сонымен қатар, құқықтық ақпарат және құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында барлық ауылдық кітапханалар құқықтық қорын ұйымдастырып, аудандық кітапханаға «ЮРИСТ» бағдарламасы сатып алынып, «құқықтық ақпарат орталығы» ашылды.



Сол кездегі Обл. Әкімі Н.Әшімов кітапхана жұмысымен танысада.



Аудан әкімі А.С.Иманғалиев кітапханадағы жаңа ақпараттық жүйемен танысада

2007 жылдың сәуір айында «Оқырман қауым- бәсекеге қабілетті ел негізі» тақырыбымен Астана қаласында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы және ҚР Кітапханашылар асоціациясымен бірлесіп ұйымдастырған халықаралық оқу конгресіне ОҚЖ-нің директоры Р.С.Мусагалиева делегат болып қатысып қайтты.




Бударин ауылдық кітапханасының, менгерушісі Ә.Құлетова


2007 жылы өткен «**Үздік ауылдық кітапхана**» облыстық байқауына Бударин ауылдық кітапханасы аудан арасындағы байқауда женімпаз атанып, облыстық байқауға қатыстырылды. Нәтижесінде Бударин ауылдық кітапханасының кітапхана менгерушісі Әсима Құлетова «Үздік ауылдық кітапхана» I –ші жүлделі орынды женіп алды.

2008 жылы қара сөздің қас шебері, алты алашқа белгілі жазушы Х.Ы.Есенжановтың 100 жылдығына орай аудан кітапханашылары арасында кәсіби шығармашылық байқауы ұйымдастырылды. Оның жеңімпаздарының жұмысы облыстық балалар мен жасөспірімдердің кітапханасының ұйымдастырған байқауына қатыстырылып аудандық кітапхана «Tau мұсінді талант», «Ақ жайық романы- ел өмірінің көркем шежіресі» тақырыбындағы әдістемелік құралы, Мерген ауылдық кітапханасының кітапханашысы Л.Ермұханова, аудандық кітапхананың библиографы М.Досумовтың әзірлеген құралдары озық деп танылдып облыстан жүлделі II-III орынды иеленді.

2008 жылдың тамыз айында «Ауыл және мектеп кітапханалары өзара байланыс жолында» тақырыбында кәсіби кеңес өтті. Мұнда кітапхана қызметкерлері өз жұмыстарының бағыты мен мазмұны жағынан, қазіргі кезеңдегі ғылым мен білімді ақпаратпен жедел қамтамасыз етіп отырудың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуімен қатар, аудан, ауыл, мектеп кітапханашыларымен іс-тәжірибе алмасты.



*ОКЖ бойыниша 2004-2008 жылдар аралығындағы
мерзімді басылымдар көрсеткіштері.*



1990-2007 жылдар аралығындағы кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері.

Мәдениет бөлімінің менгерушілері

Төменде аты аталатын азаматтардың мәдениет саласын басқарған тұсында кітапхана саласы өз алдына бөлек құрылым болып қалыптаспаған кезеңдер еді. Мәдениеттің әр саласын бір арнаға тоғыстырып, соның ішінде бітімі бөлек кітапхана ісінің де замана көшінен қалмауына сеп бола білген ардагерлеріміз бен әлі де мәдениет саласында басшылық қызмет жасап жүрген жандардың есімі мен еңбегіне қолыңыздағы шежіреден орын беруді орынды санадық.



Абдуғажиев Құдес 1920 жылы 11 қыркүйекте Орал облысы Қаратөбе ауданы, Сүйінелі ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

1952 жылы Орал педагогикалық институтының география мамандығы бойынша бітірген.

Мәскеу ауыл шаруашылық институтын бітірген.

Еңбек жолы:

1952 жылы Первомай мектеп – интернатында қатардағы оқытушы.

1954 – 1960 жылдары мектеп директорына дейін көтерілді.

1960 – 1963 жылдары Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі.

1963 – 1965 жылдары Первомай кәсіптік мектебінің директор орынбасары, артынан директоры.

1965 – 1972 жылдары Первомай мектеп – интернатының мұғалімі.

1972 жылы ауыл шаруашылығы мамандарының білімін жетілдіру институтының бал арасын өсіру жөніндегі курсын сырттай бітіріп, совхоз орталығында бал арасын өсірумен айналысты.

1972 – 1977 жылдары ауыл кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істеген.

Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі, бірнеше медальдармен, грамоталармен марарапатталған.

Зайыбымен 10 бала өсіріп, тәрбиелеп, 1978 жылы дүниеден өтті.

Сүлейменов Аманқұл 1934 жылы Чапаев ауданының Фурманов ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Орал педагогика институтын бітірген. Химия пәнінің мұғалімі.



1960 – 1963 жылдары Чапаев қазақ орта мектебінде жұмыс жасады.

1963 – 1966 жылдары Қаршы орта мектебінің директоры қызметін атқарды.

1966 – 1968 жылдары аудандық партия комитетінде нұсқаушы болды.

1968 – 1973 жылдары Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі.

1973 – 1977 жылдары Қазақ орта мектебінде директор қызметін атқарды.

1977 – 1979 жылдары Мәдениет бөлімінің менгерушісі.

1979 – 1982 жылдары 1 май совхозында партком қызметін атқарды.

1982 – 1986 жылдары тұрмыстық қамту комбинатының директоры.

1986 – 1988 жылдары автостанция директоры.

1988 жылдары газ шаруашылығының директоры. Осы жерден зейнеткерлікке шықты. Соңғы уақытта базар директоры болып жұмыс жасады.



Мұқамбетқалиев Сабырғали Қажығалиұлы 1942 жылы Казталовка ауданы Құрманғазы аулында дүниеге келген. Ауылында еңбек жолын бастаған.

1961 жылы Совет армия қатарына шақырылады. Эскерде СОКП мүшелігіне қабылданды. әскери партия ұйымының жолдамасымен уақытынан бұрын жоғарғы оқу орнына жолданады.

1964 жылы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтының тарих – филология факультетінің студенті атанады. Жоғарғы оқу орнын аяқтаған соң, 1968 жылы Чапаев ауданының Аңқаты ауылындағы Аңқаты орта мектебіне жұмысқа жолданады.

1970 жылы Чапаев ауданында партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне қызметке ауыстырылады.

1973 жылдан бастап Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісінің қызметін атқарды.

1976 жылы Мерген орта мектебінің оқу ісінің менгерушісі болды.
1978 жылдан Жайық негізгі мектебінің, 1980 – 1987 жылдары Қожақар орта мектебінің директоры болды.

1987 – 1990 жылдары Қожақар ауылдық кеңесінің төрағасы.

1991 жылдан бастап мектепті мұғалім қызметін атқарды.

Бірнеше мәрте аудандық, облыстық мақтау қағаздарымен, грамоталарымен марапатталды. Қоғамдық қызметте де белсенділік танытып, ауылдық, аудандық мәслихатқа депутат болып сайланды. Ұстаздық қызметтегі ерен еңбегі еленіп, білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.



Тлебалиев Гибатолла 1940 жылы Жәнібек ауданының Талап ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. Орал педагогика институтын 1962 жылы бітірген. Еңбек жолын Көкшетау облысы Қызыл Ту ауданының Ұялы ауылында КПСС – тің 22 съезі атындағы орта мектептің мұғалімі, мектеп директорының орынбасары болып бастайды.

1964 – 1965 жылдары Горячкин сегізжылдық мектебінің оқу ісі менгерушісі.

1965 – 1971 жылдары Чапаев аудандық комсомол үйімінің екінші, бірінші хатшысы.

1971 – 1976 жылдары «Восход» совхозы партия үйімінің хатшысы.

1976 – 1979 жылдары Чапаев, Ақжайық аудандық партия комитеттерінде білім менгерушісі.

1979 – 1980 жылдары Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі.

1980 – 1991 жылдары аупарткомның идеологиялық бөлімі менгерушісі.

1991 – 1994 жылдары білім бөлімінің менгерушісі.

1994 жылда аудандық мәслихат – депутаттарының жиналысының хатшысы.

1994 – 1996 жылдары Чапаев ауданы әкімінің орынбасары.

1996 – 2003 жылдары аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің менгерушісі қызметтерін атқарды. Қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыста.



Шанаев Ғиззат Шанайұлы 1931 жылы Чапаев ауданының Октябрь ауылдық Кеңесінде дүниеге келген.

1950 жылы Орал мұғалімдер институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын Орынбор облысындағы «Қызыл майдан» орталаш мектебінде мұғалімдіктен бастаған.

1961 – 1971 жылдарда Чапаев аудандық партия комитетінде лектор, нұсқаушы, білім менгерушісі қызметтерін атқарды.

Мәдениет бөлімінің менгерушілері

1971 – 1980 жылдарда Чапаев аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары.

1980 – 1982 жылдары аудандық мәдениет бөлімі менгерушісі.

1982 жылдан өмірінің соңына дейін аудандық газет редакторының орынбасары қызметін атқарды. Ерен еңбегі ескеріліп, бірнеше медальдармен, грамоталармен марапатталды.



Жұмағалиев Тәттіғали Мұзатарұлы 1949 жылы Қаратобе ауданында дүниеге келді.

1967 жылы Мұхит атындағы орта мектепті бітірді. 4 жыл ата – анасына қол ұшын беріп, «көмекші шопан» болып еңбек етті.

1971 жылы Аль – Фараби атындағы Шымкент мәдени институтына түсіл, 1976 «Жоғары білімді мәдени – ағарту қызметкері» деген дипломмен, Чапаев ауданының мәдениет бөлімінің бастығы қызметін уақытша атқарушы болып 9 ай қызмет істеді.

1977 жылы Аудандық комсомол комитетіне ауысты.

1978 – 1980 жылдары аудандық партия комитетіне қарасты «Білім Қоғамында» жасады.

1981 – 1987 жылдары Чапаев ауданының мәдениет бөлімін басқарған.

1987 – 1988 жылдары Жамбыл совхозында ауылдық Советтің председателі қызметін атқарды.

1988 – 1994 жылдары аудандық кино басқармасының директоры.

1994 – 1998 жылдары аудандық мәслихат референті.

1998 – 2002 жылдары мұнай базасының директоры.

2003 жылдан осы уақытқа дейін мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.



Ашабаев Амангелді Бердешұлы 1957 жылы Чапаев ауылында дүниеге келді.

1973 жылы Орал қаласындағы № 11 орта мектепті бітірді.

1974 – 1979 жылдары Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты, «Агрономия» факультеті студенті.

Институттан кейін бір жылдың үстінде Чапаев ауданының Алғабас совхозында агроном қызметін атқарды.

1980 - 1987 жылдары комсомол қызметінде (бастауыш ұйым хатшысы, аудандық ЛКСМ комитетінің нұсқаушысы, бөлім менгерушісі, екінші хатшы) болды.

1987 – 1988 жылдары Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі;

1988 – 1989 жылдары №14 кәсіптік – техникалық училищеде мұғалім болып істеді.

1990 – 1992 жылдары Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінде нұсқауышы болып қызмет атқарды.

1992 – 1995 жылдары Чапаев аудандық әкімшілігінде іс басқарушы қызметінде болды.

1995 – 1999 жылдары медициналық сақтандыру қорының ауылдық филиалын басқарды.

1999 – 2002 жылдары ауыл шаруашылығы бөлімінде - маман, су шаруашылығы жүйелері басқармасының бастығы, ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің аудандық аумақтық басқармасында жетекші маман қызметін атқарды.

Кейін екі жыл Ақсай қаласында «ССС Сайпем» консорциумында жұмыс жасады.

2003 – 2004 жылдары Чапаев аумақтық медицина бірлестігінің директорының орынбасары.

2004 – 2005 жылдары Ақжайық аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі.

2005 – 2006 Чапаев ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметінде болды.

2006 жылдың тамыз айынан Ақжайық ауданы мәслихатында аппарат басшысы қызметін атқарады.

«Нұр Отан» ХДП мүшесі.



Шауенов Сатым Галымұлы 1955 жылы Талдықұдық ауылында дүниеге келді.

1961 – 1971 жылдары мектепте оқыды.

1971 жылы мектеп бітірісімен ауылда МТМ – ның жұмысшысы болып жұмыс жасады.

1973 – 1975 жылдары Совет Армиясы қатарында болды.

1976 жылдан бастап Талдықұдық ауылында мәдениет үйінің көркем жетекшісі болып жұмыс жасады.

1978 – 1979 жылдары Краснопартизан орта мектебінде музика пәнінің мұғалімі болып қызмет істеді.

1983 – 1987 жылдары Куйбышев мемлекеттік мәдениет институтында оқыды. Оқуды бітіргеннен соң тұған ауылына оралды.

Аудандық мәдениет бөлімінде инспектор болып қызмет атқарды.

1988 – 1992 жылдары Чапаев ауданының мәдениет бөлімінің менгерушісі болып тағайындалды.

1992 жылы облыстық мәдени басқармасының бас инженері болып тағайындалды.

1993 жылы Облыстық шығармашылық орталығының директоры болып жұмыс жасады.

1995 жылы Чапаев ауданының әкімшілік аппаратына ага референт жұмысына ауысты.

2000 жылдан бастап Тасқала ауданының мәдениет бөлімінің менгерушісі болып тағайындалды.

2003 – 2005 жылдар аралығында Тасқала ауданы әкімінің орынбасары болып жасады.

2005 жылдан Тасқала аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдер бөлімінің менгерушісі болды.

2007 жылдан қазіргі уақытқа дейін Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне тағайындалды.



Нұрмұхамбетов Зинолла 1956 жылы Чапаев ауданы Мерген ауылында дүниеге келген.

1973 жылы «Физика және математика пәні мұғалімі» мамандығы бойынша Орал педагогикалық институтын бітірді.

1978 – 1980 жылдары Тайпақ ауданы Құрайлысай ауыл округінің Талап орта мектебінде мұғалім қызметін атқарды.

1980 – 1984 жылдары Калённый орта мектебінің мұғалімі.

1984 – 1987 жылдары Батурина ауылында комсомол үжымының хатшысы.

1987 – 1989 жылдары Батурина ауылында партия үжымының хатшысы.

1989 – 1990 жылдары Чапаев ауданы, Чапаев селосында аудандық партия комитетінің нұсқаушысы.

1990 – 1991 жылдары Чапаев ауылында партия комитетінің жалпы бөлімінің менгерушісі.

1991 – 1993 жылдары Чапаев ауданының халық депутаттарының атқару комитетінің жалпы бөлім менгерушісі.

1993 – 1994 жылдары Чапаев ауданының мәдениет бөлімінің менгерушісі.

1995 жылы Чапаев ауданының әкімшілік аппаратының менгерушісі.

1995 – 2002 жылдары Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің инспекторы.

2002 жылдан қазіргі уақытқа дейін Чапаев ауыл округінің әкімі.



Мұхитова Райса Қабетқызы 1945 жылы Орынбор облысының Первомай ауданына қаасты Мало – Зайкин селолық Советінде дүниеге келген. Білімі жоғары, педагог. Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолы – бастауыш, негізгі, орта мектептің директорының орынбасары, Ақжайық ауаткомы төрағасының орынбасары, аупартком хатшысы, Чапаев аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары,

1995 жылы мәдениет бөлімінің менгерушісі.

2005 жылдан бері Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің абонемент бөлімінің менгерушісі.



Құлмұқанова Гүлбану Дәрібайқызы 1969 жылы 12 наурызда Есенсай ауылында дүниеге келген

1985-1987 жылдары Орал мәдени ағарту училищесіне оқып, кітапханашы – библиограф мамандығы бойынша диплом алды. 1987 жылдың тамыз айынан осы аудандық кітапханада: әдебиеттермен толықтыру бөлімінде кітапханашы, көп жылдар көлемінде әдістеме бөлімінде менгеруші болып қызмет атқарды.

2005 жылдың желтоқсан айынан аудан әкімінің шешімімен аудандық мәдениет, ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы жұмысына ауыстырылды.

1978 жылдан кітапхана саласын басқарып келе жатқан орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директорлары өздерінің жоғары кәсіби білгір маман, білікті де қайратты басшы екенін дәлелдей отырып, олардың тамаша іскерлік қасиеттері, табандылығы мен қайсарлығы арқасында кітапхана саласы еліміздің тәуелсіздік алып келе жатқан қын-қыстау жылдарында да өз тұлғасын, келбетін, мақсатымен мүддесін сақтап, бүгінде аудан ішіндегі ақпарат орталығы, мәдени- әлеуметтік және бос уақытын тиімді өткізетін руханият ордасы болып көркейіп отыр.

Киелі руханият ордасы уақыт озған сайын қофам дамуынан қалыспай ілесіп, өркен жая түсүде. Аталмыш кітапхана тарихында өз қолтаңбасын, иғілікті істерін қалдырган іскерлігі мен басшылығы арқасында игі ,баянды істер атқарған басшылардың тізбесі:



Катрасова Людмила 1955 жылы 9 желтоқсанда Украина ССР. Луган обл., Кадиев ауд., Иршина қаласында шахтер отбасында дүниеге келген. Тың жерлерді игеруге орай 1960 жылы Қостанай облысына отбасы көшіп келіп, Людмила 1963 жылдан 1973 жылдар аралығында сол жерден онжылдықты аяқтайды. 1973 жылы Қаскелен қаласындағы мәдени – агарту училищесіне оқуға түсіп, 1975 жылы аяқтап, сол жылы Орал облысы, Чапаев ауылына жолдамамен жұмысқа келеді.

Еңбек жолын 1975 жылы тамыз айынан райисполкомда кәмелетке толмағандармен жұмыстың секретары болып бастады.

1977 жылы ақпан айынан Чапаев аудандық мәдениет бөлімінде әдістемеші, балалар кітапханасында, кітапханашы қызметтерінде болып, **1979 жылдан – 1982 жылға дейін орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры қызметін атқарды.**

1981 жылы Алматы қаласына республикалық білім жетілдіру институтына 1 айлық курсқа барып қайтты.

1982 жылы ақпан айында Чапаев қалалық кенесінің хатшылығына тағайындалды. Содан кейін Чапаев қалалық кенесі сессиясының шешімімен Чапаев қалалық атқару комитетінің хатшысына сайланды. Басқару органдарындағы жүйе өзгерістеріне байланысты Чапаев ауылдық әкімшілігінің хатшысы кейін бас маманы болып тағайындалып, осы кезге дейін қызмет атқаруда.

Жолдасы Катрасов Степан Юрийевич, бір баласы бар.



Успанова Римма Аманғалиқызы 1938 жылы 20 наурызда Астрахан облысы, Зеленгин ауданы Маковка ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Астрахандағы кітапхана ісі техникумын тәмәмдап, 1960-1964 жылдары арасында: Алматы қаласында А.П. Чехов атындағы қалалық кітапханасында кітапханашы, Қостанай қаласында мектеп кітапханашысы қызметін атқарды

1964- 1968 жылдар аралығында БҚО, Орда ауданында мектеп кітапханашысы қызметін атқарды.

1968 жылдан Чапаев селолық кітапханасында әдістемеші, кітапханашы болып қызметтер атқарды.

1978 жылдың 10 тамызынан № 9 бұйрық Успанова Р.А. ЦКХ менгерушісі қызметіне ауыстырылды.

1978 жылдан Успанова Р.А. кітапхана директоры Л.Н. Савенконың орныны уақытша директорлық қызметіне тұрып, кейін орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры қызметіне тағайындалды.



Жұмағалиева Асылзада Елтайқызы 1956 жылы Теректі ауданы, Сүттігенді ауылында дүниеге келген.

1963 – 1973 жылдары Чапаев ауылындағы қазақ орта мектебінде онжылдықты бітірді.

1978 жылдан Чапаев ОКЖ – де «Красная юрта» менгерушісі, кітапханашы, әдебиеттермен толықтыру бөлімінің менгерушісі қызметтерін атқарды. 1979 жылы 6 қыркүйектен «Красный Юртада» кітапханашы болып істеді, 1980 жылдың 25 наурызында № 4 бұйрықпен ЦБСТің әдістемешісі болып ауыстырылды.

1979 – 1981 жылдары Ақтөбе мәдени – ағарту училищесінде білім алды.

1980 – 1983 жылдары отбасылық жағдайына байланысты Семей қаласындағы ОКЖ – де оқырмандар залының менгерушісі болып қызмет атқарды.

1986 жылы Чапаев аудандық ОКЖ – нің директоры қызметіне тағайындалды.

1991 жылы Шымкент мәдени – ағарту институтын бітірді.

1986-1994 жылдар аралығында ОКЖ директоры қызметін атқарды.

Қазіргі уақытта Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық кітапханада әдебиеттермен толықтыру бөлімінде бөлім менгерушісі болып қызмет атқаруда.



Макасова Жаңылай Қатымғалиқызы

1963 жылы 30 қарашада Орал облысы, Чапаев ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. 1970 жылы М.И. Калинин атындағы орта мектептің бірінші сыныбына оқуға барып, 1981 жылы сол мектепті бітірді. Осы жылы Қарағанды облысының Қарқаралы зооветтехникумына қабылданып, 1984 жылы техникумың ветфельдшер мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1984-1985 жылдары Ақжайық ауданында комсомол комитетінде статист қызметін атқарып, 1985 жылы Ақжайық аудандық партия комитетіне жұмысқа ауыстырылды. 1984 жылы Шымкент қаласындағы Эль-Фараби атындағы педагогикалық мәдениет институтына оқуға сырттай түсіп, оны 1989 жылы «кітапханатану және библиография» мамандығын алды.

1987 жылы Ақжайық аудандық партия комитетінен аудандық мәдениет бөліміне ауысып, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры болып тағайындалды.

1989 жылы Ақжайық ауданы жабылып, Чапаев ауданына қосыуына орай, Чапаев ауданының аудандық мәдениет бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры қызметіне ауыстырылды.

1989 -1991 жылдар аралығында ОКЖ директоры қызметін атқарды.

1992 жылы тұрмысқа шығуына байланысты, Ақсоғым ауылдық кітапханасының кітапханашы болып жұмыс істеді. 1995 жылы отбасылық жағдайына байланысты, Ресейге қоныс аударды. 2000 жылы орал қаласына көшіп келіп, облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін арнаулы мектеп-интернатында кітапхана менгерушісі болып қызмет атқарды.

2007 жылдың наурыз айынан бастап көзі көрмейтін және нашар көретін азаматының кітапханасының директоры болып қызмет істейді.



Айткалиева Марфуга Қенесқызы 1966 жылы 30 қарашада Чапаев ауылында дүниеге келген. 1974 жылы Чапаев ауылдағы қазақ орта мектебіне 1 классқа барып, 1984 жылы 10 классты осы мектептен тамамдады. 1984 жылы Орал қаласындағы мәдени – ағарту училищесінің кітапхана ісі бөліміне түсіп 1986 жылы бітіріп шықты. Алғашқы еңбек жолын аудандық балалар кітапханасында кітапханашы болып қызмет атқарды.

1988 жылдан Осы кітапханада әдістемеші болып қызмет атқарды.

1990 жылы осы бөлімде балалармен жұмыс әдістемешісі болып еңбек етті және сол жылы аудандық депутаттыққа сайланды.

1992 жылдан ОКЖ – да әдіскер қызметін атқарды.

1994 жылдан -2004 жылға дейін Чапаев ауылдың орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры қызметін атқарды.

2004 жылдан отбасылық жағдайына байланысты Орал қаласындағы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтардың кітапханасына жұмысқа ауысып, көзіргі уақытта осы кітапханада әдістемеші қызметін атқаруда.



Құлмұқанова Гүлбану Дәрібайқызы

1969 жылы 12 наурызда Есенсай ауылында дүниеге келген

1985-1987 жылдары Орал мәдени ағарту училищесінде оқып, кітапханашы-библиограф мамандығы бойынша диплом алды.

1987 жылдың тамыз айынан осы аудандық кітапханада: әдебиеттермен толықтыру бөлімінде кітапханашы, көп жылдар көлемінде әдістеме бөлімінде менгеруші болып қызмет атқарды.

2004-2005 жылдар аралығында ОКЖ –нің директоры қызметін атқарды.

2005 жылдың желтоқсан айынан аудан әкімінің шешімімен аудандық мәдениет, ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы жұмысына ауыстырылды.



Мусағалиева Роза Сакенқызы 1966 жылы 30 қазанда Чапаев ауданы Бударин ауылында дүниеге келген 1973 жылы Барановка (Самал) ауылындағы бастауыш мектептен бастап

1983 жылы Бударин ауылындағы орта мектептен 10 классты аяқтады.

1984 жылы Орал қаласындағы Мәдени-ағарту училищесіне оқуға түсіп 1986 жылы осы училищенің кітапхана ісі мамандығын тәмәмдады.

1986 жылы тамыз айынан Чапаев ауданындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің аудандық кітапханасының абонемент бөліміне жұмысқа кірісті.

1988 жылы аудандық кітапхананың ОИЕФ бөлімінде жұмыс істеп, Алматы қаласына мамандығын терендету курсына қатысып қайтты.

1991 жылдан аудандық кітапхананың абонемент бөліміне жұмысқа кірісіп, осы бөлімде 2006 жылға дейін жұмыс істеді.

2006 жылдың 10 ақпаннан Ақжайық аудандық ОКЖ-нің директоры болып қызмет атқаруда.

*КІТАПХАНАШЫ-
мәртебелі мамандық*

Кітапхана - кітап қоры, кешені,
Ерен істер атқарылды есели.
Ғұламалар мұрасының мәңгі орны,
Ой еңбектің қасиетті мекені.

Кітапхана - кітап қорғау үйімы,
Таным, тағлым талмағанға бұйырды
Ғажайыптар кітаптарда жазылса,
Дара дарын тоғысқан жер жиыны.

Кітапхана – оқырмандар ордасы,
Талпынғанға ең алғашқы қолдаушы.
Қажетті өтеу - кітапхана парызы,
Іздегенді бағыттаушы, жол басшы.

Кітапхана - ғасырларды жалғайды,
Төзім үккен ғалымдардың талайы.
Ғұлама да, данышпан да, кеменгер,
Дана ойлы парасаттың сарайы.

Биіктей бер, мақсаты үлкен шаңырақ,
Тануда өлем, алдың нұрлы шамшырақ.
Ой еңбегі жарқырасын өміршен,
Ғылым – ілім өркендең өс, болашак!

Гүлжан Даулетқызы.

Әрбір білім, ғылым, өнер қуып, рухани сусындағысы келген кітапқұмар жандардың жанына нұр құйып, жүргегіне жылдылық дарытатын қасиетті шаңырақ – кітапхана.

Кітапхана өмірі – сырт көзге біліне, байқала бермейтін ағысы баяу, тулаған толқындар ішінде жататын өмір. Сол өмірге бойлап, дендер енген адам ғана бұл шаңырақтың қасиеттілігін, кітапханашы мамандығының қыры мен сырын аңғара алмақ. Сол мамандықты өміріне серік еткен адам ғана сана-сезімге тән ләzzат сыйларға рухани байлыққа кенеліп, жан-дүниесі толысадар. Өзгеге қуаныш сыйлар, өзін ғасырдан – ғасырға жеткен асыл қазынамыздың қожайыныңдай сезінер.

«Халыққа анықтама беретін, пікір алмасатын, қиналған кезде көмектесетін, рухани бай орталыққа айналуы керек»- делінген «Красный Урал» газетінде 1924 жылы және сол оқу үйлерінде қызмет ететін үгітшілер жан-жақты білімді болуы керек деп жазылған болатын сол кездің өзінде – ак.

КИТАПХАНАШЫ- мәртебелі мамандық

Негізгі жұмыс бағыттарының бірі – заман ағымынан қалыс қалмай, елімізде болып жатқан саясатты, өзгерістерді дұрыс қабылдаپ, оны



оқырман қауымға жеткізу, насиҳаттау, сонымен қатар замана көшінің талабына үн қосып, оқырманның бойында кітапқа құмарлықты ояту үшін кітапханашылар әркез ізденіс үстінде болу, бабалар аманатын ұрпағына жеткізу жолына еңбек ету кітапханаши болуabyroylыш іс, жауапкершілігі мол міндеп. Ол міндеп-кітапханаши мамандарынан өте

үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Жылдар желісімен толығып, кітапхана ісінде өзіндік қолтаңбаларын қалдырып, кейінгі буын кітапханашыларды тәрбиелеуде де атсалысып келетін мәртебелі мамандық иелері қаншама. Сан ғасыр көшін жалғастырып, ұрпақтан- ұрпаққа жеткен мәдениетіміздің мұрасы кітапты бүгінгі замандастарымыз бер келешек ұрпақтың игілігіне жаратуға өлшеусіз үлес қосып жүрген кітапхана мамандарына қандай құрмет көрсетсе де лайық. Осындай мәртебелі мамандық иелерінің республика, облыс, аудан көлемінде еңбектері елеулі, құрметті кітапханашыларымыз біздің арамызда бары мақтанды.

Сиғуат Умаргалиев Лбішін орталық кітапханасының кітапханашысы болып көп жылдар қызмет атқарып, аудан ішінде кітапхана саласының өркендеуіне еңбегі сінді. «Қазақ ССР-нің еңбек сінірген мәдениет қызметкері» атағы бар

Сұлтанғалиев Тәуken Тәшенұлы- Мерген ауылдық моделді кітапханасының менгерушісі. 2001 жылы ҚР «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталды. Өмірін кітапхана ісіне арнап, еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген жандардың бірі

Айтмағамбетов Сергей - Ұзақ жыл мәдениет саласында қызмет атқарып, адал еңбегі үшін есімі Қазақ ССР-нің «Алтын Құрмет кітабына» жазылды. 1976, 1986 жылдары мәдениет қызметкерінің Бүкілодақтық съезіне облыстан екі мәрте делегеат болып қатысқан. «Қазақ ССР-нің еңбек сінірген мәдениет қызметкері».

Халқымыздың білім мен парасаттылыққа, ақылдыққа, тасқын-тасқын ақпараттың тиімдісін елімізге демеп беріп отырған қазіргі уақыттағы кітапханашылардың да орны өзінше бір бөлек.

Бүгінгі таңда Ақжайық ауданындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 76 кітапханаши қызмет етуде, олардың 32 –сі жоғарғы білімді, ал 30-ы арнаулы орта білімді мамандар, олар оқырмандарға қызмет көрсетіп, кітапхананың әдістемелік, ақпараттық және анықтамалық жұмысын жүргізіп, кітап қорын, анықтамалық- ақпарат жұмысын ұйымдастырады, кітап

КИТАПХАНАШЫ- мәртебелі мамандық

көрмелерін, мәдени көпшілік шараларын өткізеді. Аудан ішіндегі барлық кітапханалар ауданың, ауылдың барша өмірімен біте қайнасып, жақсы бағаланып, құрметке ие болып отыр.

Кітапхана мамандарының білімдерін тұрақты жетілдіру арқылы олардың ұйымдастыруышылық және басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру, олардың жаңа технологиямен жұмыс істей білуі, жоспарлауды үйренді, бағдарлама жасауды менгеру талап етілетін бүгінгі күннің биік талаптарын орындаі алатын бесаспап маман болу үшін әркез ізденіс керек. Кітапханашылар еңбегін ойдағыдай ұйымдастыруды олардың кәсіби, ғылыми дайындығын арттырудың маңызы зор. Сонау жылдардан бері мамандардың кәсіби дәрежесін және білімін ұздіксіз жетілдіруге жағдай жасауға мейлінше назар аударылып келеді. Осы бағытта кітапханашылар әр жылдарда кәсіби дәріс алуға облысқа, республикалық қолемдегі оқуларға қатысып тұрды.

1975 жылдың 14-19 қазан аралығында Ақтөбе қаласында өткен республикалық аймақаралық Мәдениет қызметкерлерінің конференциясына аудандық кітапхананың кітапханашысы **А.Г.Утешев** қатысты.(бұйрық № 56,пр.4.14.10.1975)

1978 жылы 19- 26 мамыр аралығында Кентау қаласында өткен Республикалық директорлардың практикалық семинарына аудандық кітапхананың менгерушісі **Л.Н. Савченко** қатынасып қайтты. (бұйрық № 29,пр.2)

1979 жылы облыстық мәдениет басқармасының №44 бұйрығымен 7 мамырдан 8 маусымға дейін Алма-Ата қаласына республикалық институтқа білім жетілдіру курсына ОҚЖ-нің кітапханашысы **С.Абулхаирова** жіберілді.

1981 жылы ОҚЖ директоры **Л.Н.Катрасова** Алматы қаласына республикалық институтқа басқару ісі бойынша білімін жетілдіру курсына барып қайтты.

1981 жылдың 2 қарашасынан 2 желтоқсан аралығында аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы **Л.А.Бесхлебная** Алматы қаласына білімін жетілдіру курсына барып қайтты.

1983 жылдың 2 наурызынан ОИЕФ бөлімінің кітапханашысы **З.В.Черекаева** Алматы қаласына республикалық институтқа білімін жетілдіру курсына оқуға жіберілді.

1986 жылдың 3 мамырынан оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы **Р.А.Салиева** Алматы қаласына білім жетілдіру курсына жіберілді.

1986 жылдың 3 қыркүйегінен Әдебиеттермен толықтыру бөлімінің кітапханашысы **А.Байбулова** Алматы қаласына білім жетілдіру курсына жіберілді.

1987 жылдың 29 сәуірінде ауыл шаруашылық бөлімінің кітапханашысы **А.Бужанова** Алматы қаласына білім жетілдіру курсына жіберілді.

1988 жылы Алматы қаласына кітапханааралық абанемент және бірыңғай кітап қорымен пайдалану бағытындағы оқу курсына аудандық кітапхананың кітапханашысы **Р.С.Мусагалиева** қатысты.

КІТАПХАНАШЫ- мәртебелі мамандық

Еліміздің тоқырау кезеңі кітапхана саласына да салқындығын тигізгені анық. 1988 жылдан 2006 жылдар аралығында кітапханашыларды республика көлеміне оқуға жіберу тоқтатылды. Дегенмен тұрақты түрде өткізілп тұратын кәсіби семинарлар кітапханалар арасындағы өзара байланысты жақсартып, жұмыс жүргізуіндің жаңа тәсілдерін іздестіріп, табуға мүмкіндік беріп отырды. Біліктілігін арттыру мақсатында кітапханашылар облыстық көлемде өткізілген семинар кеңестерден қалыс қалмады. Кейінгі жылдары бұл бағыттағы шараларды жетілдіруде де елеулі қадамдар жасалып, республикалық білім көтеру институтына тағы да жол ашыла бастады.

2006 жылы 3 – 16 сәуір аралығында Алматы қаласындағы Қазақ мәдениет және өнертану ғылыми – зерттеу институты жанындағы мамандар кәсібін жетілдіру курсына өндірістен кол үзіп, библиографиялық білім дәрежесін көтеруге аудандық кітапхананың кітапханашысы **Қ.Жұбанғалиева** қатысып, дәріс алғып қайтты.



Аудандық кітапхананың қызметкері Қ.Жұбанғалиевага күалік тапсыру сәті



*KITAPXANAШЫ-
мәртебелі мамандық*

2006 жылы ауылдық кітапханалардың жұмысын жандандыру бағытындағы білім жетілдіру курсына Тайпақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы **Н.Қанатбаев** қатысты.

2007 жылы аудандық кітапхананың библиографы **М.Досумов**, Мерген моделді кітапханасының менгерушісі **Т.Сұлтанғалиев** Орал қаласына Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-эмбебап кітапханасынан кітапхана ісіндегі автоматтандыру, бағдарламамен жұмыс істей бағытында жұмалық курсқа қатысты.

2008 жылы ОКЖ – нің директоры **Р.С.Мусагалиева** Алматы қаласына әдістемелік жұмыстардың жаңаша тәсілдерін қолдану бағытындағы дәріс-сабак курсына қатысып қайтты.